

**«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы»  
КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ  
КМК қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің  
аналитикалық анықтамасы**

«Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК 2023 жылғы 27 маусымдағы № 273 бұйрығының негізінде «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК (бұдан әрі – Ксәпорын) қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

Талдау жүргізілген кезең: 2022 жылғы 01 қаңтардан бастап 2023 жылғы 30 маусымды қоса.

Талдау жүргізілген кезеңдегі уақыт (талдау жүргізілген кезеңдегі күндер саны): 22 жұмыс күні 2023 жылғы 13 шілдеден бастап 11 тамызды қоса алғанда.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 8-бабының 5-тармағына және «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына сәйкес «Көпбейінді қалалық жедел медициналық көмек ауруханасы» ШЖҚ КМК 2023 жылғы 27 маусымдағы №273 бұйрығымен құрылған жұмыс тобы мына бағыттар бойынша жұмыс жүргізді:

1) Кәсіпорынның қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2) Кәсіпорынның ұйымдастырушылық басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау көзі ретінде ішкі жергілікті құжаттар – бұйрықтар, нұсқаулықтар, ережелер, операциялық процедуралардың стандарттары, Кәсіпорынның басқа ішкі құжаттары, қызметкерлердің жеке істері, заңды және жеке тұлғалардың өтініштері пайдаланылды.

**Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін  
анықтау**

1.1. Кәсіпорында нормативтік құқықтық актілерге жүргізілген талдау нәтижесі бойынша лауазымды тұлғалардың өз қалауы бойынша шешімдер қабылдауына ықпал ететін, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде кедергілер жасауға ықпал ететін, нормативтік құқықтық актілерді өз бетінше түсіндіруге мүмкіндік беретін құқықтық олқылықтар анықталмады.

**2. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық басқару қызметіндегі сыбайлас  
жемқорлық тәуекелдерін анықтау**

Кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау келесі бағыттар бойынша жүргізілді:

1. мүдделер қақтығысын реттеу;
2. персоналды басқару;

3. Мемлекеттік қызмет көрсету;
4. Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;
5. Кәсіпорынның ұйымдастырушылық және басқарушылық қызметінен туындайтын басқа мәселелер.

## **2.1. Мүдделер қақтығысын реттеудегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.**

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V Заңының 13-бабына сәйкес жақын туыстарының бірлескен қызметіне жол берілмейді. Мәселен, Жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар (өз қызметін тұрақты емес немесе басқа жұмыстан босатылған негізде жүзеге асыратын мәслихат депутаттарын қоспағанда) және мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдар (Қазақстан Республикасының Президенттігіне, Қазақстан Республикасы Парламентінің немесе мәслихаттарының депутаттығына, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың, аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдігіне, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқарудың сайланбалы органдарына мүшелікке кандидаттарды қоспағанда), лауазымды адамдар өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты болатын лауазымдарды атқара алмайды, сондай-ақ жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) және (немесе) жекжаттары тікелей бағынысында бола алмайды. Жақын туыстар деп ата-аналары (ата-анасы), балалары, асырап алушылар, асырып алынған балалар, ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), атасы, әжесі, немерелері, жекжаттар деп – жұбайының (зайыбының) ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-сіңлілері (қарындастары), ата-аналары мен балалары түсініледі. Мұндай адамдарға квазимемлекеттік сектор субъектісінің бір басқару органында (байқау кеңесінде, атқарушы органда) өзінің жақын туыстарымен, жұбайымен (зайыбымен) және (немесе) жекжаттарымен лауазымдар атқаруға тыйым салынады.

Еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін кәсіпорын қызметкерлерінің жеке істері, «Байқау кеңесін бекіту туралы» «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ 2020ж. 30.12. № 483 бұйрығы зерделенді, Кәсіпорында мұндай бұзушылықтарға жол берілмеген.

Кәсіпорынның басшысы (директоры) Ж.Қ.Мауытова мемлекеттік функцияларды орындаумен үйлеспейтін қызметті жүзеге асырмайды.

Қызметкер өзінің лауазымдық міндеттерін орындау барысында болуы мүмкін мүдделер қақтығысы жағдайлары келесідей болуы мүмкін:

- 1) пациентті емдеуге жатқызу және басқа бөлімшеге ауыстыру кезінде;
- 2) еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақты, еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтаманы беру кезінде;
- 3) пациентті күндізгі немесе тәулік бойғы стационар шеңберінде емдеу туралы мәселені шешкен кезде.

Мүдделер қақтығысын талдау нәтижелері бойынша қызметкерлердің аффилиирленуі анықталған жоқ, қызметкерлердің қызметінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

## 2.2. Персоналды басқару желісіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері.

Талдау барысында Кәсіпорын бойынша кадрлардың ауысуының талданатын кезеңінде 2022 жылы қабылданған қызметкерлер саны, дәрігерлер – 12, орта медицина қызметкерлері (бұдан әрі - ОМҚ) – 30, кіші медицина қызметкерлері (бұдан әрі – КМҚ) - 32, басқалары - 14, 2022 жылы жұмыстан шығарылған дәрігерлер саны – 8, ОМҚ – 83, КМҚ - 74, басқалары – 16; 2023 жылы (2023 ж. 30.06. жағдай бойынша) қабылданған дәрігерлер саны – 1, ОМҚ – 8, КМҚ - 30, басқалары – 8, 2023 ж. жұмыстан шығарылған дәрігерлер саны – 1, ОМҚ - 13, КМҚ – 20, басқалары – 8. Жұмыстан шыққан дәрігерлердің, ОМҚ мен КМҚ үлкен саны инфекциялық стационардың жабылуымен байланысты. 2022 жылы және 2023 жылы (2023 ж. 30.06. жағдай бойынша) тәртіптік себептер бойынша бірде-бір қызметкер жұмыстан шығарылған жоқ, жұмыстан шығудың негізгі себептері басқа медициналық ұйымға ауысуына байланысты, өз еркімен.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде мынадай бос орындар бар: анестезиолог – реаниматолог - 1, травматолог-ортопед - 2, патологоанатом - 1, невропатолог - 2, зертханалық диагностика клиникасының дәрігерлері - 1, нейрохирург - 1, хирург - 1, акушер-гинеколог - 1, реабилитолог - 2, дәрігер жақ - бет хирургтары - 1, эпидемиолог - 1, рентгенолог-3. Дәрігерлердің бос жұмыс орындары - 17; ОМҚ - 8, КМҚ - 14, басқалары – 0.

Тәртіптік практика мониторингін жүзеге асыру кезінде талданатын кезең ішінде Кәсіпорын қызметкерлеріне тәртіптік жаза қолданылған, 2022 жылы тәртіптік жауапкершілікке тартылғандар саны – 9 адам, оның ішінде 3 – ескертулер, 5 – сөгістер, 1 - қатаң сөгіс, 2023 жылы - 4 адам, оның ішінде 3 – сөгіс, 1 - ескерту. Осылайша, талданған кезеңде Кәсіпорын қызметкерлеріне жұмыс берушінің бастамасы бойынша еңбек шартын бұзу түрінде тәртіптік жаза қолданылмады.

Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 26-бабына сәйкес - сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамды квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жұмысқа орналастыруға жол берілмейді. Осыған байланысты Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 32-бабының 3-тармағына сәйкес адам Кәсіпорынға жұмысқа орналасар кезде, ол квазимемлекеттік сектордың субъектісі болып табылатындықтан, осы тұлғаға қатысты өз құзыреті шегінде мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері немесе «Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер талап етіледі. Қызметкерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың жоқтығы туралы мәліметтерді қамтитын құжат оның жеке ісіне тігіледі.

***Ұсыныстар:** Кәсіпорынның кадр жұмысы қызметкерлерінің біліктілік деңгейін тұрақты негізде арттыру, еңбек заңнамасының нормалары мен нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру бойынша семинарлар өткізу.*

## 2.3. Мемлекеттік қызметтер көрсетудегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері

Кәсіпорын мемлекеттік қызметтерді «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңына, «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР-ДСМ-27 бұйрығына, «Еңбекке



уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ немесе анықтама беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына және басқа да нормативтік актілеріне сәйкес көрсетеді.

Кәсіпорын мынадай мемлекеттік қызметтер көрсетуді жүзеге асырады:

- 1) еңбекке уақытша жарамсыздық туралы парақ беру;
- 2) еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру;
- 3) стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру.

5.2. 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 2023 жылғы 30 маусымға дейін мынадай мемлекеттік қызметтер көрсетілді:

- 1) еңбекке уақытша жарамсыздық парағын беру - 6601 қызмет.
- 2) еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру - 553 қызмет.
- 3) стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді - көшірме беру - 21 368 қызмет.

Қызмет көрсету бойынша шағымдар түскен жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметті берушінің көрсетілетін қызметті алушымен тікелей байланыста болу қаупі бар екені анықталды, өйткені мемлекеттік қызметтер қағаз нысанда жиі көрсетіледі.

**Ұсынымдар:** мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде жауапкершілікті күшейту және бұзушылықтарға жол бермеу мақсатында Кәсіпорын қызметкерлерімен мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ тұрақты негізде мемлекеттік қызметтерді алушылар арасында «Электрондық үкімет» порталы арқылы көрсетілген қызметтерді алуды танымал ету жөнінде түсіндіру іс-шараларын жүргізу қажет.

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын нормативтік құқықтық актілер және мемлекеттік қызметтер көрсету жөніндегі құжаттар зерделенді. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м. а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімінде «Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру» қызметі көрсетілгені анықталды, сондай-ақ «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР-ДСМ-27 бұйрығында осы қызметті көрсетудің стандарты бар, онда ол «Стационарлық науқастың медициналық картасынан үзінді көшірме беру» деп аталады, бірақ «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығында денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының бұл нысаны жоқ екені анықталды, «Амбулаториялық, стационарлық пациенттің медициналық картасынан үзінді көшірме» № 001-1/е нысаны бар.

Осылайша, осы нормативтік құқықтық актілерде құқықтық қайшылықтар бар деп санаймыз – медициналық ұйым мемлекеттік қызмет көрсету тәртібімен

беретін құжаттың әртүрлі атауы, осыған байланысты нормативтік құқықтық актілерді бір-біріне сәйкестендіру қажет.

**Ұсынымдар:** жоғары тұрған органға «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын, сондай-ақ оларды толтыру жөніндегі нұсқаулықтарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығын, «Қазақстан Республикасында стационарлық жағдайларда медициналық көмек көрсету стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 24 наурыздағы № ҚР-ДСМ-27 бұйрығын «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің м. а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 39/НҚ бұйрығымен бекітілген және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңының негізінде шығарылған мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес келтіру қажеттілігі туралы қарастыруға хат әзірлеу.

Талдау барысында кәсіпорында мемлекеттік қызмет көрсету мамандары мүгедектермен қарым-қатынас дағдыларын оқыту бойынша курстардан өтпегені анықталды.

**Ұсыным:** мүгедектермен қарым-қатынас дағдыларын оқыту бойынша қызметкерлердің біліктілігін арттыруға жіберілсін (ұсынымды іске асыру мерзімі: 2023 жылғы 1 желтоқсанға дейін).

#### **2.4. Мемлекеттік сатып алуларды жүзеге асыру кезіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері**

Кәсіпорын үшін заңнамаға сәйкес жұмыстарды, тауарлар мен қызметтерді мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу бойынша бөлінген бюджет қаражатын жұмсаудың ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспары бекітілді, ол мемлекеттік сатып алудың электрондық веб-порталында жарияланады. Барлық мемлекеттік сатып алулар бекітілген жылдық жоспарға қатаң сәйкес жүзеге асырылады.

Тексерілетін кезеңде мемлекеттік сатып алуларға талдау жүргізілді. 2022 жылы мемлекеттік сатып алу туралы 482 шарт жасалды, оның ішінде мынадай тәсілдермен жасалды: ашық конкурс – 16, алдын ала біліктілік іріктеумен конкурс – 1, аукцион – 38, баға ұсыныстарын сұрату – 286, шартты тікелей жасасу арқылы бір көзден – 26, өткізілмеген сатып алу бойынша бір көзден – 115.

2023 жылы (2023ж. 30.06. жағдай бойынша) мемлекеттік сатып алулар туралы 310 шарт жасалды, олардың ішінде мына тәсілдермен: ашық конкурс – 6, негіздемелік келісімдер пайдаланылған конкурс - 5, рейтингтік-балдық жүйе пайдаланылған конкурс – 1, баға ұсыныстары – 187, өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден – 102, тікелей шарт жасау жолымен бір көзден - 1. Тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу сыбайлас жемқорлық тәуекелі болып табылады, 2023 жылы (30.06.2023 ж. жағдай бойынша) тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен сатып алу сомасының айтарлықтай азайғаны байқалады, бұл жақсы көрсеткіш болып табылады.

Ішкі талдау нәтижесінде кәсіпорын басшысының жақын туыстарының, жұбайларының немесе жекжаттарының әлеуетті өнім берушілерін өткізілетін мемлекеттік сатып алуға қатысу фактілері анықталған жоқ. Мемлекеттік сатып алу



мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын ақшаны тиімді және оңтайлы жұмсау, мемлекеттік сатып алу процесінің жариялылығы мен ашықтығы қағидаты бойынша жүзеге асырылады. Осылайша, мемлекеттік сатып алуды өткізу кезінде бұзушылықтар анықталған жоқ.

**Ұсынымдар:** Мемлекеттік сатып алуды өткізудің және бухгалтерлік есепті жүргізудің ашықтығына тұрақты бақылау жүргізу, Кәсіпорынның сайтында және мемлекеттік сатып алу порталында мемлекеттік сатып алу жөніндегі ақпаратқа мониторинг жүргізу (жүргізу мерзімі: тұрақты).

## **2.5. Кәсіпорынның ұйымдық-басқару қызметінен туындайтын өзге де мәселелердегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдері**

Кәсіпорын шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының банктерінде шоттары болады.

Кәсіпорынның құрылтайшы құжаты Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2021ж. 09.08. № 163 қаулысымен бекітілген Жарғы болып табылады.

«Солтүстік Қазақстан облысының Тексеру комиссиясы» ММ (бұдан әрі – Тексеру комиссиясы) 2021 жылы мен 2022 жылы жүргізген мемлекеттік аудитінің қорытындысы бойынша Кәсіпорын жарғысының кейбір тармақтарының Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес еместігін анықтады (Солтүстік Қазақстан облысының Тексеру комиссиясының 2023ж. 20.04. № 5 қаулысымен бекітілген аудиторлық қорытынды, 2023ж. 03.03. № 2 аудиторлық есеп). Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2021ж. 09.08. № 163 қаулысымен бекітілген Кәсіпорын Жарғысының (бұдан әрі – Жарғы) 4-тармағында кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ болып табылады деп бекітілген, бұны Тексеру комиссиясы «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы № 413-IV Заңының (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік туралы заң) 148-бабының 1-тармағын бұзу болып табылады деп есептеді, өйткені денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның басқару органы Байқау кеңесі болып табылады.

Кәсіпорынның Байқау кеңесі өз қызметінде Кәсіпорынның жарғысын, Байқау кеңесі туралы ережені және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады. Тексеру комиссиясының пікірі бойынша Кәсіпорын Жарғысына және Байқау кеңесі туралы ережеге Байқау кеңесінің Мемлекеттік мүлік туралы заңның 149-бабының 1-тармағында қарастырылған бірқатар өкілеттіктерін қоспау кемшілік болып табылады, атап айтқанда:

1) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекітеді;

2) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ішкі аудит қызметінің сан құрамын, өкілеттік мерзімін айқындайды, оның басшысы мен мүшелерін тағайындайды, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқығы болады, ішкі аудит қызметінің

жұмыс тәртібін, ішкі аудит қызметі жұмыскерлерінің еңбекақысы мен сыйақы беру мөлшерін және шарттарын айқындайды;

3) қаржылық есептілік аудиті үшін аудиторлық ұйым көрсететін қызметтерге ақы төлеу мөлшерін айқындайды;

4) денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық құрылымын бекітеді.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның 138-бабының 1-тармағына сәйкес коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын жергілікті атқарушы орган немесе жергілікті қоғамдастық жиналысының келісімі бойынша - аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты белгілейді.

Жарғының 67-тармағына сәйкес Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді, мұны Тексеру комиссиясы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның 138-бабының 1-тармағын бұзу деп есептейді.

Сондай-ақ Тексеру комиссиясы «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның 138-бабының 3-тармағына сәйкес коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы және өзге де сыйақы беру жүйесін жергілікті атқарушы орган немесе жергілікті қоғамдастық жиналысымен келісу бойынша аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты белгілейді деп есептейді.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның 138-бабының 3-тармағы бұзылып, Жарғыда коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын басшысының, оның орынбасарларының, бас (аға) бухгалтерінің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы және өзге де сыйақы беру жүйесін – тиісті саланың уәкілетті органы деп белгіленген.

«Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның 149-бабы 1-тармағының 5-тармақшасына сәйкес Байқау кеңесінің құзыретіне денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық құрылымын бекіту жатады. Тексеру комиссиясының пікірі бойынша «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңның 149-бабы 1-тармағының 5-тармақшасы бұзылып, Кәсіпорынның 2022 жылға арналған құрылымын Кәсіпорынның басшысы бекітілді.

Кәсіпорын «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңға сәйкес келмеулер анықтады, мысалы Кәсіпорынның Байқау кеңесі Тексеру комиссиясының ұсынымын ескеріп, 2023 жылғы 28 сәуір күні Байқау кеңесі туралы Ереже бекітті (№3 хаттама), Кәсіпорынның құрылымын Байқау кеңесі 2023 жылғы 25 сәуір күні бекітті (№2 хаттама). Қазіргі уақытта кәсіпорын жарғысындағы сәйкессіздіктерді жою үшін шаралар қабылдануда, Тексеру комиссиясының ұсынымдарын ескере отырып, жарғы жобасы әзірленді, «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы» КММ-не жолданды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында кәсіпорын ресми таратуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпараттың сақталуын қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізіп жатқаны анықталды, аталған ақпарат мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтарды алу немесе алу мақсатында пайдаланылмайды, өйткені тұрақты бақылау жүргізіледі, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің ақпаратты жарияламау туралы қол қойған міндеттемелері бар, жеке деректерді, құпия мәліметтерді, медицина қызметкерінің

құпиясын құрайтын ақпарат бар.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу кезінде Кәсіпорынның ресми сайты қаралды. Сайтты тексеру барысында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары 2022 жылдан бастап жаңартылмағаны анықталды.

**Ұсынысы:** Кәсіпорын бойынша сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар жоспары жаңартылды.

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022 – 2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 802 Жарлығын іске асыру мақсатында Кәсіпорынның 2023 жылға арналған іс-шаралар жоспары бекітілді.


Жоспарда мынадай іс-шаралар көзделген: сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы заңнаманың нормаларын, Кәсіпорынның функционалдық қызметіне қатысты нормативтік құқықтық актілерді түсіндіру бойынша жалпыға бірдей құқықтық оқыту жүргізуді ұйымдастыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірлескен семинарларға қатысу, Кәсіпорын құзыретіне кіретін мәселелер бойынша бұқаралық ақпарат құралдарындағы жағымсыз материалдарға реакция мониторингі, сайтта мақалалардың, жарияланымдардың уақтылы орналастырылуын қамтамасыз ету сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы айдарларды жаңарту.

Жұмыс тобының басшысы: Р.Қ. Тасов




Жұмыс тобының мүшелері:

Г.А. Мұсабаева – директордың экономикалық мәселелер жөніндегі орынбасары




Н.В. Пуртова - бас бухгалтер



Г.О. Кокишева – бас мейірбике



С.А. Вульф – АРББ басшысы



М.Е. Ямпольская – медициналық статистик

